Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018-04-06 17:10:10 № 27714

"ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015-11-30 № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес 2018-04-06 17:10:10 анықталған бұзушылықтарды "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ, 140440014725, Қызылорда қ. хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Комитетке немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14 тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

руководитель Калиев Ганижан Пиртазаевич

2018-04-06 17:10:10 № 27714 хабарламаға қосымша

Хабарламаның №: 2158987-1

Лоттың № 15965903-ОК1

Камералдық бақылау жүргізу және әлеуетті өнім беруші «Жақап-Табын» ЖШС-нің 14.03.2018 жылғы №37 шағымын (электронды шағым №7153) және «Елқонды» ЖШС-нің 16.03.2018 жылғы 7475 электронды шағымын қарау барысында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2158987-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау)» жұмысын 74 668 014,28 теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша (электрондық конкурс 29.12.2017 жылы жариялынғандықтан, камералдық бақылау 01.01.2018 жылға дейінгі қолданыстағы заңнамалар бойынша жүргізілді) келесі бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; 3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; 5) жұмыс тәжірибесінің болуы. Заңның 21 бабы 2 тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшелігі қамтылуға тиіс. Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі. Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Заңның 27 бабы 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделмейді. Заңның 27 бабының 4 тармағына сәйкес, Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру

құқығын береді. Осы Заңның 6-бабын бұзған әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді. Заңның 27 бабының 5 тармағына сәйкес, Осы баптың 4-тармағына сәйкес біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде конкурстық комиссия: 1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға; 2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 4-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімде жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрау салу жіберуіне және өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай – Қағида) 150 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы; - біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса. Қағиданың 5-қосымшасы (біліктілік туралы мәлімет) ескертпесінің 15 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі. Дегенмен, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2158987-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау)» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер «АЙ-СКАН» ЖШС, «Жақап-Табын» ЖШС, «ДаренСтройСервис» ЖШС, «Real Story Invest» ЖШС-нің конкурстық өтініміндері бойынша негізсіз шешім қабылданғаны анықталды. Әлеуетті өнім беруші «АЙ-СКАН» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі құрылысты ұйымдастыру жобасы бойынша әзірленген Тізбеде көрсетілген жабдықтардың ішінде 1 дана «Краны башенные, 8 т. или более» жабдықтар ұсынылмаған. Ал, әлеуетті өнім берушінің «Бином» ЖШС-нен «Кран башенный КБСМ-200» жабдығы оны жалға алу туралы шартының жасалмауына байланысты есепке алынған жоқ. Атап айтқанда, конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Бином» ЖШС-нің 05.03.2018 жылғы №69 ақпаратқа сәйкес осы конкурс бойынша ілінген «Бином» ЖШС-гі мен «Ай-Скан» ЖШС-гі арасындағы 17.01.2018 жылғы көлік құралдарын жалдау шартының жасалмағаны анықталды. Осыған байланысты Қазақстан

Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Ай-Скан» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 28.02.2018 жылғы «Бином» ЖШС-не жолдаған №57 санды сұрау хатында «АЙ-СКАН» ЖШС мен «Бином» ЖШС-гі арасында 17.01.2018 жылғы нөмірсіз техникаларды жалға алу шартының жасалғаны немесе жасалмағаны жөнінде мәлімет сұратқан. «Бином» ЖШС 05.03.2018 жылғы №69 санды жауап хатында мұндай келісім-шарттың жасалмағандығын көрсеткен. Алайда, Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) тарапынан «Бином» ЖШС-не 03.04.2018 жылы №06-23/591 санды «АЙ-СКАН» ЖШС ЖШС-мен техникаларды (Кран башенный КБСМ-200 12,5 т) жалға алу бойынша 17.01.2018 жылғы нөмірсіз ниет шартының (договор намерения) жасалғандығы немесе жасалмағандығы бойынша қайта сұрау жасалынды. «Бином» ЖШС-мен 05.04.2018 жылы №117 санды хатпен мұндай шарттың жасалғандығын растайтындығы жөнінде мәлімет ұсынған. Әлеуетті өнім беруші «Жақап-Табын» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі құрылысты ұйымдастыру жобасында көрсетілген жабдықтардың ішінде 1 дана «Машины бурильные с глубиной бурения 3,5 м на тракторе 85 кВт (115 л.с.)», 1 дана «Автомобили бортовые Мощность – до 5 т» жабдықтар ұсынылмаған. Ал, әлеуетті өнім берушінің БІРІНШІ №5-қосымшасының №24, 6-реттерінде, ЕКІНШІ №5-қосымшасының №7, 1-реттерінде, көрсетілген жабдықтардың техникалық ерекшеліктері құрылысты ұйымдастыру жобасында көрсетілген жабдықтардың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі себепті есепке алынған жоқ. Бұдан бөлек, әлеуетті өнім беруші құрылысты ұйымдастыру жобасында көрсетілген үш бірлік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының болуы туралы бөлігіне сәйкес келмейді». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Жақап-Табын» ЖШС-нің конкурстық өтінімін қарау барысында, аталған әлеуетті өнім берушімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің «Еңбек» ШЖҚ РМК «Еңбек-Қызылорда» филиалынан (бұдан әрі - Жобалаушы) техникаларды ауыстыру бойынша келісімін ұсынғандығын ескермеген. Департамент тарапынан, Жобалаушыға 29.03.2018 жылы №06-23/554 санды «Жақап-Табын» ЖШС-не техникаларды ауыстыру бойынша келісім берілгендігі немесе берілмегендігі жөнінде сұрау жасалынды. Жобалаушы 30.03.2018 жылы №30-35-20-125 санды хатпен «Жақап-Табын» ЖШС-не Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау) жұмысы бойынша техникаларды ауыстыруға келісім берілгендігін растады. Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші «Жақап Табын» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде жеке меншігіндегі фронтальный погрузчик LG953, автокран Xcmg Qy25k-11, кран башенный Chrono Cadillon 55, электростанции передвижные мощность до 4 кВт, Рыхлители прицепные техникалары ұсынылған. Әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде Қызылорда қаласының ауылшаруашылық бөлімінің 13.02.2018 жылғы №151 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген жеке тұлға Е.Қалмахановтан жалға алынған, соңғысының атына тіркелген 2 дана «Компрессор ПКСД 5,25 ДМУ1», 1 дана «Каток кулачковый прицепной ДУ-26А» жабдықтарының жеке тұлға Е.Калмахановтың атына тіркелмегені анықталды, ол туралы Қызылорда қаласының ауыл шаруашылық бөлімінің хатының электрондық көшірмесі қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 08.02.2018 жылғы Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөліміне жолдаған №03-10/197 санды сұрау хатында жеке тұлға Е.Қалмахановтың техникалары (2 дана «Компрессор ПКСД 5,25 ДМУ1», 1 дана «Каток кулачковый прицепной ДУ-26А») «Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-де тіркелгендігі немесе тіркелмегендігі жөнінде ақпарат сұратылған. Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің 13.02.2018 жылғы №151 санды жауап хатында сұрауда көрсетілген техникалардың тіркеуде жоқ екендігі көрсетілген. Алайда, конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС-гі мен жеке тұлға Е.Калмаханов арасындағы келісім-шарттың жасалмағандығы жөнінде фактілер анықталмаған. Сонымен қатар, Азаматтық кодекске сәйкес келісім-шартта тараптардың міндеттемелері көрсетілген. Яғни, Е.Калмағанов жалға алушы шартта көрсетілген техникалармен қамтамасыз ету қажет, ал «ДаренСтройСервис» ЖШС жалға берушіге төлемдерді шартқа сәйкес уақытылы аударуға тиіс. Осыған байланысты, жеке тұлға Е.Қалмахановтың техникалары «Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-де тіркелмеуі әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС жауапкершілігіне жатпайды. Яғни, конкурстық комиссияның Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталды деген шешім негізсіз болып табылады. Әлеуетті өнім беруші «Real Story Invest» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Абу-Сер» ЖШС-нің 21.02.2018 жылғы №87 ақпаратқа сәйкес осы конкурс бойынша ілінген «Абу-Сер» ЖШС-гі мен «Real Stroy Invest» ЖШС-гі арасындағы 10.05.2017 жылғы №5 көлік құралдарын жалдау шартының жасалмағаны анықталды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Real Stroy Invest» ЖШС-гі конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі. Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмейді». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 21.02.2018 жылғы «Абу-Сер» ЖШС-не жолдаған №31 санды сұрау хатында «Real Stroy Invest» ЖШС мен «Абу-Сер» ЖШС-гі арасында 10.05.2017 жылғы №5 техникаларды жалға алу шартының жасалғаны немесе жасалмағаны жөнінде мәлімет сұратқан. «Абу-Сер» ЖШС 21.02.2018 жылғы №87 санды жауап хатында мұндай келісім-шарттың жасалмағандығын көрсеткен. Алайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Real Stroy Invest» ЖШС біліктілік туралы мәліметінде (№5-қосымша) «Абу-Сер» ЖШС-мен 10.05.2017 жылғы №5 техникаларды жалға алу шарты бойынша мәліметтерді көрсетпегендігін және құжаттарды ұсынбағандығын ескермеген. Осыған байланысты, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2158987-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау)» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам
камерального контроля

2018-04-06 17:10:10 № 27714

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Кызылординской области Комитета внутреннего государственного аудита МФ РК"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее - Закон) и пунктом 11 «Правил проведения камерального контроля, утвержденных Приказом Министра финансов Республики Казахстан от 2015-11-30 № 598 уведомляет ГУ "Управление государственных закупок Кызылординской области", 140440014725, г.Кызылорда о нарушениях, выявленных 2018-04-06 17:10:10.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, признается:

- в случае согласия - устранение нарушений, указанных в уведомлении с обязательным представлением на бумажном или электронном носителе информации об устранении нарушений в Комитет финансового контроля или его территориальное подразделение, направившие уведомление и при необходимости подтверждающих документов;

- в случае несогласия – положительное заключение Комитета финансового контроля по результатам рассмотрения возражения, представленного объектом государственного аудита в соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 37 Закона.

В соответствии с пунктом 14 Правил, объект государственного аудита в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении вправе направить в Комитет с одновременным извещением территориального подразделения Комитета, направившего уведомление, возражение согласно приложению 3 к Правилам, в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения (получения) уведомления.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

руководитель Калиев Ганижан Пиртазаевич

Приложение к уведомлению № 27714

от 2018-04-06 17:10:10

№ объявления: 2158987-1

№ лота 15965903-ОК1

Камералдық бақылау жүргізу және әлеуетті өнім беруші «Жақап-Табын» ЖШС-нің 14.03.2018 жылғы №37 шағымын (электронды шағым №7153) және «Елқонды» ЖШС-нің 16.03.2018 жылғы 7475 электронды шағымын қарау барысында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2158987-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау)» жұмысын 74 668 014,28 теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша (электрондық конкурс 29.12.2017 жылы жариялынғандықтан, камералдық бақылау 01.01.2018 жылға дейінгі қолданыстағы заңнамалар бойынша жүргізілді) келесі бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; 3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; 5) жұмыс тәжірибесінің болуы. Заңның 21 бабы 2 тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшелігі қамтылуға тиіс. Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі. Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Заңның 27 бабы 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделмейді. Заңның 27 бабының 4 тармағына сәйкес, Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-

порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді. Осы Заңның 6-бабын бұзған әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді. Заңның 27 бабының 5 тармағына сәйкес, Осы баптың 4-тармағына сәйкес біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде конкурстық комиссия: 1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға; 2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 4-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімде жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрау салу жіберуіне және өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай – Қағида) 150 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы; - біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса. Қағиданың 5-қосымшасы (біліктілік туралы мәлімет) ескертпесінің 15 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі. Дегенмен, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2158987-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау)» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер «АЙ-СКАН» ЖШС, «Жақап-Табын» ЖШС, «ДаренСтройСервис» ЖШС, «Real Story Invest» ЖШС-нің конкурстық өтініміндері бойынша негізсіз шешім қабылданғаны анықталды. Әлеуетті өнім беруші «АЙ-СКАН» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі құрылысты ұйымдастыру жобасы бойынша әзірленген Тізбеде көрсетілген жабдықтардың ішінде 1 дана «Краны башенные, 8 т. или более» жабдықтар ұсынылмаған. Ал, әлеуетті өнім берушінің «Бином» ЖШС-нен «Кран башенный КБСМ-200» жабдығы оны жалға алу туралы шартының жасалмауына байланысты есепке алынған жоқ. Атап айтқанда, конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Бином» ЖШС-нің 05.03.2018 жылғы №69 ақпаратқа сәйкес осы конкурс бойынша

ілінген «Бином» ЖШС-гі мен «Ай-Скан» ЖШС-гі арасындағы 17.01.2018 жылғы көлік құралдарын жалдау шартының жасалмағаны анықталды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Ай-Скан» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 28.02.2018 жылғы «Бином» ЖШС-не жолдаған №57 санды сұрау хатында «АЙ-СКАН» ЖШС мен «Бином» ЖШС-гі арасында 17.01.2018 жылғы нөмірсіз техникаларды жалға алу шартының жасалғаны немесе жасалмағаны жөнінде мәлімет сұратқан. «Бином» ЖШС 05.03.2018 жылғы №69 санды жауап хатында мұндай келісім-шарттың жасалмағандығын көрсеткен. Алайда, Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) тарапынан «Бином» ЖШС-не 03.04.2018 жылы №06-23/591 санды «АЙ-СКАН» ЖШС ЖШС-мен техникаларды (Кран башенный КБСМ-200 12,5 т) жалға алу бойынша 17.01.2018 жылғы нөмірсіз ниет шартының (договор намерения) жасалғандығы немесе жасалмағандығы бойынша қайта сұрау жасалынды. «Бином» ЖШС-мен 05.04.2018 жылы №117 санды хатпен мұндай шарттың жасалғандығын растайтындығы жөнінде мәлімет ұсынған. Әлеуетті өнім беруші «Жақап-Табын» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі құрылысты ұйымдастыру жобасында көрсетілген жабдықтардың ішінде 1 дана «Машины бурильные с глубиной бурения 3,5 м на тракторе 85 кВт (115 л.с.)», 1 дана «Автомобили бортовые Мощность – до 5 т» жабдықтар ұсынылмаған. Ал, әлеуетті өнім берушінің БІРІНШІ №5-қосымшасының №24, 6-реттерінде, ЕКІНШІ №5-қосымшасының №7, 1-реттерінде, көрсетілген жабдықтардың техникалық ерекшеліктері құрылысты ұйымдастыру жобасында көрсетілген жабдықтардың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі себепті есепке алынған жоқ. Бұдан бөлек, әлеуетті өнім беруші құрылысты ұйымдастыру жобасында көрсетілген үш бірлік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының болуы туралы бөлігіне сәйкес келмейді». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Жақап-Табын» ЖШС-нің конкурстық өтінімін қарау барысында, аталған әлеуетті өнім берушімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің «Еңбек» ШЖҚ РМК «Еңбек-Қызылорда» филиалынан (бұдан әрі - Жобалаушы) техникаларды ауыстыру бойынша келісімін ұсынғандығын ескермеген. Департамент тарапынан, Жобалаушыға 29.03.2018 жылы №06-23/554 санды «Жақап-Табын» ЖШС-не техникаларды ауыстыру бойынша келісім берілгендігі немесе берілмегендігі жөнінде сұрау жасалынды. Жобалаушы 30.03.2018 жылы №30-35-20-125 санды хатпен «Жақап-Табын» ЖШС-не Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау) жұмысы бойынша техникаларды ауыстыруға келісім берілгендігін растады. Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші «Жақап Табын» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде жеке меншігіндегі фронтальный погрузчик LG953, автокран Xcmg Qy25k-11, кран башенный Chrono Cadillon 55, электростанции передвижные мощность до 4 кВт, Рыхлители прицепные техникалары ұсынылған. Әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде Қызылорда қаласының ауылшаруашылық бөлімінің 13.02.2018 жылғы №151 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген жеке тұлға Е.Қалмахановтан жалға алынған, соңғысының атына тіркелген 2 дана «Компрессор ПКСД 5,25 ДМУ1», 1 дана «Каток кулачковый прицепной ДУ-26А» жабдықтарының жеке тұлға Е.Калмахановтың атына тіркелмегені анықталды, ол туралы Қызылорда қаласының ауыл шаруашылық бөлімінің хатының электрондық көшірмесі

қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 08.02.2018 жылғы Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөліміне жолдаған №03-10/197 санды сұрау хатында жеке тұлға Е.Қалмахановтың техникалары (2 дана «Компрессор ПКСД 5,25 ДМУ1», 1 дана «Каток кулачковый прицепной ДУ-26А») «Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-де тіркелгендігі немесе тіркелмегендігі жөнінде ақпарат сұратылған. Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің 13.02.2018 жылғы №151 санды жауап хатында сурауда көрсетілген техникалардың тіркеуде жоқ екендігі көрсетілген. Алайда, конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС-гі мен жеке тұлға Е.Калмаханов арасындағы келісім-шарттың жасалмағандығы жөнінде фактілер анықталмаған. Сонымен қатар, Азаматтық кодекске сәйкес келісім-шартта тараптардың міндеттемелері көрсетілген. Яғни, Е.Калмағанов жалға алушы шартта көрсетілген техникалармен қамтамасыз ету қажет, ал «ДаренСтройСервис» ЖШС жалға берушіге төлемдерді шартқа сәйкес уақытылы аударуға тиіс. Осыған байланысты, жеке тұлға Е.Қалмахановтың техникалары «Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-де тіркелмеуі әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС жауапкершілігіне жатпайды. Яғни, конкурстық комиссияның Қағиданың 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «ДаренСтройСервис» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталды деген шешім негізсіз болып табылады. Әлеуетті өнім беруші «Real Story Invest» ЖШС: Конкурстық комиссияның шешімі: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Абу-Сер» ЖШС-нің 21.02.2018 жылғы №87 ақпаратқа сәйкес осы конкурс бойынша ілінген «Абу-Сер» ЖШС-гі мен «Real Stroy Invest» ЖШС-гі арасындағы 10.05.2017 жылғы №5 көлік құралдарын жалдау шартының жасалмағаны анықталды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Real Stroy Invest» ЖШС-гі конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі. Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмейді». Анықталған бұзушылық: Конкурстық комиссияның 21.02.2018 жылғы «Абу-Сер» ЖШС-не жолдаған №31 санды сұрау хатында «Real Stroy Invest» ЖШС мен «Абу-Сер» ЖШС-гі арасында 10.05.2017 жылғы №5 техникаларды жалға алу шартының жасалғаны немесе жасалмағаны жөнінде мәлімет сұратқан. «Абу-Сер» ЖШС 21.02.2018 жылғы №87 санды жауап хатында мұндай келісім-шарттың жасалмағандығын көрсеткен. Алайда, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Real Stroy Invest» ЖШС біліктілік туралы мәліметінде (№5-қосымша) «Абу-Сер» ЖШС-мен 10.05.2017 жылғы №5 техникаларды жалға алу шарты бойынша мәліметтерді көрсетпегендігін және құжаттарды ұсынбағандығын ескермеген. Осыған байланысты, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2158987-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі Шұғыла-2 мөлтек ауданының инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сумен жабдықтау)» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.